



Ембі ТЫНЫСЫ

№6 (136)
МАУСЫМ
2025 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:


Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ӨНДІРІС

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР:



НӘТИЖЕ ЖӘНЕ ЖОСПАР



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Атырау облысындағы жұмыс сапары аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-да (ЕМГ) болып, инвестициялық жобалардың іске асырылу барысымен танысты.

КМГ басшысы бастаған жұмыс тобының мүшелері алдымен «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен орындары тобына барып, мұнай мен газ өндірудің тиімділігін арттыру және операциялық шығынды азайту жөніндегі жобалардың іске асырылу барысымен танысты.

Биыл Ембі өндірісінде төрт бірдей инвестициялық жобаны іске қосу мақсатында үлкен жұмыстар басталды. Олар:

- Батыс Прорва кен алаңындағы газ ұңғымаларын игеру,
- Батыс Қарасор кен орнын дамыту,
- Тайсойған-1, Тайсойған-2,
- Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнын игеру жобалары.

2025 жылдың қаңтар айындағы Ембіге арналған іссапарында КМГ басшысы дәл осы инвестициялық жобалардың мақсаты мен оның тиімділігі жөнінде ЕМГ басшылығының есебімен танысқан болатын. КМГ басшысының осы жолғы сапарының мақсаты жыл басында қолға алынған жобалардың бүгінгі таңдағы нәтижесін білу болды.

2»

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

БАСТЫ МАҚСАТ – ДАЙЫНДЫҚТЫ ПЫСЫҚТАУ

«Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кен орнында мұнай, газ, су көрінісі кезіндегі техногендік сипатта орын алған апатты жою бойынша кешенді оқу-жаттығу өткізілді.

3»

БІЗДІҢ СҰХБАТ

ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ МОЛ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Әр ұжымдағы бастауыш кәсіподақ ұйымы рухани және материалдық жағынан салмақты орны бар ұйым екенін ембіліктер жақсы түсінеді. Оның айғағы – біздің компанияда еңбек ететін жұмысшылар түгелге жуық кәсіподақ ұйымының мүшесі болуы.

6»

TEAMBUILDING

ЖҮЗ ЖҮРЕК – БІР МАҚСАТ

Қатысушылар атап өткендей, компанияда жүйелі өткізілетін мұндай тақырыптық және спорттық іс-шаралар бір-бірін жақынырақ тануына септігін тигізумен қатар, ұжымдағы ішкі байланысты нығайтуға үлес қосады.

8»

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Мұнай-газ саласы жұмысшыларының біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ететін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның дәстүрлі шарасы – «Үздік маман-2025» кәсіби шеберлік байқауы. Биылғы екінші кезең «Жайықмұнайгаз» МГӨБ оқу-жаттығу полигонында 81 қатысушының басын қосып, 15 мамандық бойынша жұмысшылар өздерінің дайындық деңгейін көрсетті. Байқаудың «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында өткізілуі – білікті жұмыс күші мен өндіріс мамандарының экономикаға қосатын үлесі зор екенін көрсететін символикалық мәнге ие.

ҮЗДІК МАМАНДАР АНЫҚТАЛДЫ



4-5»

ӨНДІРІС

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР:
НӘТИЖЕ ЖӘНЕ ЖОСПАР

Жалғасы. Басы 1 бетте


Жұмыс тобы алдымен Батыс Прорва кен орнының газ ұңғымаларын игеру бойынша бірінші іске қосу кешенінің құрылыс алаңында болды. Жобаның аясында газ кен орындарын дамыту жұмыстары жүргізіліп, С.Нұржанов кен орнын көміртегі газын пайдалану үшін дамыту жоспарланған. Жоба үш кезеңде жүзеге асырылады. Біріншісі мұнай өндіру көлемін жылына 45 мың тоннаға және газ өндіруді 160 млн текше метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Екінші және үшінші кезеңдер 2026-2027 жылдары іске асырылады. Бұл Батыс Прорвада газ өндіру көлемін 600 млн текше метрге дейін жеткізуді қамтамасыз етеді. Мұның барлығы – ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келе жатқан Ембі өндірісінің екінші тынысын ашатын игі шаралар. Жұмыс тобының мүшелері осы жұмыстардың бүгінгі жағдайымен толық танысты.

КМГ басшылығының бұдан әрі сапары «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. Мұнда аталмыш басқармаға қарасты Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнында

жылдық қуаты 80 млн текше метр болатын газды кешенді дайындау қондырғысын (ГКДК) салу жөніндегі инвестициялық жобаның іске асырылу барысымен танысты. Қондырғыны пайдалануға беру 2026 жылдың көктеміне жоспарланған. Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнын игеру басталғаннан кейін, ең жоғары деңгейде жылына 100 мың тоннадан астам мұнай өндіруге мүмкіндік болады.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның қаржылық қолдауымен С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің базасында оқу-өндірістік полигонының құрылысы салынып жатыр. КМГ басшылығы қазақстандық жоғары оқу орындарының арасында алғаш рет іске қосылғалы отырған оқу-өндірістік полигоны құрылысының жүру барысымен танысты. Бүгінде құрылыс-монтаждау жұмыстары 95% аяқталды. Студенттердің жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын меңгеруі үшін бұрғылау ұңғымалары қазылды. Барлығы 15 оқу алаңы салынды, онда студенттер практикалық тапсырмаларды орындайтын болады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы А.Хасеновтің ЕМГ-дегі



өндірісіндегі геологиялық іс-шаралардың орындалу барысы, алдағы уақытта қолға алынатын жұмыстардың жоспары кенінен айтылды. Нақтылайтын болсақ, игеріліп жатқан және тиімділігі төмен кен орындарындағы барлау жұмыстары, Батыс Карасор кен орнын дамыту жұмыстары, Қысымбай мен Ақінген кен орындарындағы газ қабаттарын игеру мәселелері талқыланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы А.Хасенов кеңейтілген

сапары өндірістік мәселелерге арналған кеңеске ұласты. ЕМГ басшылығы ағымдағы жылдың 5 айлық қорытындысына шолу жасап, өндірістік сала, қаржылық көрсеткіштер мен кадр және әлеуметтік мәселелердің орындалуына тоқталды.

Жиын барысында Ембі

жиынның күн тәртібіндегі барлық мәселелерді жіті тыңдай отырып, ЕМГ-де қолға алынған инвестициялық жобалардың орындалу барысын жоғары бағалап, компанияның тұрақты дамуы үшін операциялық шығынды оңтайландыру бойынша бірқатар міндеттерді тапсырды. **ЕГ**

ТАҒАЙЫНДАУ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның омбудсмен лауазымына **Айбар Ерекешов** тағайындалды.

Еңбек жолын 2006 жылы Zaman Group мекемесінде қаржыгер болып бастап, Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкері, «Ойтан» шаруа қожалығының атқарушы директоры, «Шопан ата», «Ақиқат» қоғамдық бірлестіктерінде сарапшы, директордың орынбасары

қызметтерін атқарды.

Атырау облыстық маслихатының депутаты.

2025 жылдың 23 маусымынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ-ның омбудсмен лауазымына тағайындалды.

2025 жылдың 23 маусымынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес, «Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның бас инженері лауазымына **Рахимжан Оспанов** тағайындалды.



Жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін «Ембімұнайгаз» АҚ-ы мұнай және газ өндіру бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарды.



2025 жылдың 23 маусымынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес, «Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның бас инженері лауазымына **Ерлан Қондыбаев** тағайындалды.

Жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін «Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның бас инженері қызметін атқарды.

2025 жылдың 23 маусымынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес, «Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен орнын игеру тобының өндірістік басқармасының бас технология лауазымына **Ержан Айтжанов** тағайындалды.

Жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін «Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның бас технология қызметін атқарды.



САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

МЕРЕЙГЕРГЕ – ҚҰРМЕТ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымының кандидаты, заң ғылымдарының докторы, ЕМГ директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры **Қырымбек Көшербаевтың 70 жасқа толуына арналған салтанатты жиын өтті.**



Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын Компанияның ұйымдастыруымен өткен шараға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев және Қырымбек Көшербаев басшылық еткен өңірлердегі мұнай компаниялары «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазгерМұнай» ЖШС, «УралОйлэндГаз» ЖШС басшылығы мен сала ардагерлері қатысып, мерейтой иесіне ізгі тілектерін жолдады. Ембіліктер атынан сөз алған Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова мерей жас иесіне шынайы лебізін жеткізді. Тектіліктен тәлім алған тұлғаның ұлт мүддесі жолындағы өнегелі өмір жолы көпке үлгі екенін, Компанияның директорлар кеңесіндегі жауапты қызметі арқылы Ембінің өрiстеуiне үлес қосып отырғанын атап өтті.

Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Мұрат Өтешов Бейбарыс бабаның Жайық бойына алып мүсін болып оралуы жолында қолтаңбасын қалдырған Қырымбек Елеуұлының ел мүддесі жолындағы қызметін атап өтіп, өңіріне «Сұлтан Бейбарыс» орденін тақты.

Шара барысында қайраткерлік, тұлғалық толысу жылдары тәуелсіздік жылдарымен тұспа-тұс келіп, білімі мен күш-қайратын еліміздің өркен жаюына арнаған азаматтың өмір жолы, қызметтік жетістіктері, ұлт руханияты бағытындағы қайраткерлік қырлары, елші және мәдениет, білім, денсаулық секілді ірі салалар бір министрлікке қараған кездегі министр, 3 облыс тізгінін ұстаған аймақ басшысы лауазымындағы абыройлы еңбек жолы туралы естеліктер тиегі ағытылып, сый-құрмет көрсетілді, ән мен күйден шашу шашылды.

Салтанатты жиын қатысушылары «Ембімұнайгаз» АҚ интерактивті музейін аралап, қазақ мұнайының тарихы, қалыптасу кезеңі, бүгінгі жетістіктер мен көрсеткіштер туралы мол мағлұмат алды. **ЕГ**



ДӘСТҮРЛІ БАЙҚАУ

«Ембімұнайгаз» АҚ 2024 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік-құрылымдық бөлімшелер арасында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша жыл сайынғы байқаудың қорытындысын шығарды. Комиссия мүшелері жеңімпаздарды 13 номинация бойынша анықтады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Күтжанов жеңімпаздарды марапаттау шарасында Компанияның әрбір қызметкерінің қауіпсіздік қағидаттарын сақтауға үлкен жауапкершілікпен қарай қажеттілігін атап өтті.

«Біздің басты мақсатымыз – қауіпсіздік жағдайлар бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткізу. Ол үшін ашықтық, сенім және жауапкершілік принциптерін ұстануымыз қажет. Ең бастысы – адамның өмірі, жұмысшының отбасына аман-есен оралуы» деп атап өтті өз сөзінде Абат Күтжанов.

Негізгі өндірістік-құрылымдық бөлімшелер арасындағы «Оқиғасыз

күндер» номинациясы бойынша «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы (МГӨБ) жеңімпаз деп танылып, басқармаға сайыстың арнайы кубогы табыс етілді. Екінші орынды «Доссормұнайгаз» МГӨБ, ал үшінші орынды «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұжымдары иеленді.

Осы номинация бойынша қосымша өндірістік-құрылымдық бөлімшелер арасында «Ембімұнайэнерго» басқармасы үздік деп танылып, сайыстың


кубогымен марапатталды. Жүлделі 2-орынға «ӨТҚЖЖК» басқармасы ие болды.

«Ұңғымаларды жерасты жөндеу бойынша үздік команда» номинациясы бойынша 1-орынға «Қайнармұнайгаз» МГӨБ №7 бригадасы, 2-орынға «Доссормұнайгаз» МГӨБ №3 бригадасы мен 3-орынға «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №11 бригадасы лайық деп танылды.

«Үздік цех» номинациясы

бойынша «Қайнармұнайгаз» МГӨБ «Мұнай дайындау және айдау цехы» үздік деп танылса, екінші және үшінші орындарды «Доссормұнайгаз» МГӨБ «№4 Мұнай және газ өндіру цехы» мен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ «№3 Жаңаталап мұнай және газ өндіру цехы» өзара бөлісті. Осы номинацияның ынталандыру марапатына «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ «Газ дайындау және күкірт алу цехы» ие болды.

Сонымен қатар «Үздік участок, база», «Арнаулы техниканың үздік жүргізушісі», «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор», «Үздік электромонтерлер бригадасы», «ЕҚ және ӨҚ бойынша үздік инженер», «Үздік эколог», «Үздік үлгілі құжаттама жүргізу», «Үздік рұқсат-жүктелім жүргізу» номинацияларының жеңімпаздары анықталды.

Барлық жеңімпаздар ақшалай сертификаттармен марапатталды. 



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

БАСТЫ МАҚСАТ – ДАЙЫНДЫҚТЫ ПЫСЫҚТАУ


«Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кен орнында мұнай, газ, су көрінісі кезіндегі техногендік сипатта орын алған апатты жою бойынша кешенді оқу-жаттығу өткізілді.

Жаттығудың мақсаты – кен орнындағы өндірістік нысандарда төтенше жағдайларды жою бағытында «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехы қызметкерлерінің іс-қимылдары, дайындығы және «Ақ Берен» КЭАҚ РОШ Атырау филиалының, «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС Батыс филиалы өрт сөндіру бөлімдерінің, «Медикер-Өндірістік медицина» ЖШС өзара қимыл-әрекеттерін тексеру. Оқу жаттығуға 17 бірлік техника және 35 қызметкер жұмылдырылды.

Бағдарламаға сай, кен орнындағы №45 ұңғымада жерасты сорапты компрессорлық құбырын көтеру кезінде, сұйықтықтың асып кетуінен мұнай, газ, су көріністері пайда болды. Ұңғымаларды жерасты жөндеу цехы қызметкерлерінің жедел әрі бірлескен іс-қимылдарымен бітеу жұмыстары жүргізілді. Алайда, ұңғыма сағасын бітеу кезінде мұнай, газ, су көрінуі пайда болып, арты өртке ұласты. Шартты өртті сөндіруге «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС Батыс филиалы өрт сөндіру бөлімдерінің 3 бірлік өрт сөндіру техникасы мен қызметкерлері қатысты. «Ақ Берен» КЭАҚ РОШ ЖШС пневматикалық түйіршікті ППП-2000 қондырғысының көмегімен жалын өшіріліп, ұңғыма сағасына атып кетуді болдырмау жабдығы қойылды. №45 ұңғыма басында мұнай, газ, су көрінісі жойылды. Оқиға орнында зардап шеккен қызметкерге уақытылы медициналық көмек көрсетілді.

Жаттығу соңында келесі оқу-жаттығулар барысында ескерілуі керек бағыттар айқындалып, талқыланды.

Осы бағыттағы іс-шаралар «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ жалғасты. С.Нұржанов кен орнындағы №75 ұңғымада мұнай, газ, су көрінісі кезіндегі техногендік сипатта орын алған апатты жою бойынша кешенді оқу-жаттығу өткізілді.

Оқу-жаттығу шарасының мақсаты – кен орнындағы өндірістік нысандарда төтенше жағдайларды жою бағытында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехы қызметкерлерінің іс-қимылдары, олардың дайындығы және «Ақ Берен» КЭАҚ РОШ Атырау филиалының, «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС Батыс филиалы өрт сөндіру бөлімдерінің, «Медикер-Өндірістік медицина» ЖШС-нің өзара қимыл-әрекеттерін тексеру. Оқу-жаттығу шарасына 16 бірлік техника және 38 қызметкер жұмылдырылды. 



Жалғасы. Басы 1-бетте

Конкурстық іріктеудің бірінші кезеңі өндірістік-құрылымдық бөлімшелер деңгейінде өтті. Байқауға қатысушылардың үздіктері екінші турға өтіп, теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жоғары деңгейде көрсетуге мүмкіндік алды.

– Ембінің табысты болуы қызметкерлеріміздің біліктілігі мен кәсібилігіне тікелей байланысты. «Үздік маман» байқауын ұдайы ұйымдастыра отырып, біліктілігін одан әрі шыңдау үшін үздік мамандарды іздейміз. Әрбір қатысушы конкурстық іріктеу барысында өзін жан-жақты қырынан көрсетіп, сол арқылы өз саласында ең жоғары деңгейге жетеді. Соның нәтижесінде еңбек өнімділігі, қауіпсіздік деңгейі және өндіріс тиімділігі артады. Ал, бұл – біздің басты мақсатымыз, – делі «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет.

Байқау жетекшісі мамандарды анықтап қана қоймай, жұмысшы мамандықтардың әсіресе, жастар арасында беделін көтеруге септігін тигізеді. Байқау қатысушылары қатарында әр жыл сайын жас мамандар қатары көбейіп келетіні кәсіпорынның тұрақты болашағына сенім ұялатады.

Сайыс соңында жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйақы, имидждік сыйлықтар тапсырылумен қоса, бір жыл бойы жалақыларына пайыздық үстемеақы қосылады.

«Үздік маман-2025» байқауының жеңімпаздары:

ҮЗДІК



МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ОПЕРАТОРЫ:

I орын – Әскер Еркетанов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Аманкелді Ерсайынов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Олжас Теміров, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Абылайхан Нақпаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ.



ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ ЛАБОРАНТЫ:

I орын – Асия Ахметова, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Нұрбике Есімова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Минара Абилова, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Кенжегүл Жаманғариева, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.



ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОР:

I орын – Мұхтар Капан, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Ернар Телжан, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Жасұлан Кахим, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Жангелді Масалем, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;



ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӨНДЕУ ОПЕРАТОРЫ (БРИГАДА):

I орын – Арман Қасанов, Абат Имашев, Манарбек Ахмеджанов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Нұрдаулет Мусин, Бақытбек Абдолов, Ерлан Сабилов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Рүстем Аманғалиев, Алтынбек Тәжбенов, Жазылбек Құлбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Тимур Ташенов, Абат Түлеубаев, Ерлан Тайшиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.



ТАУАР ОПЕРАТОРЫ:

I орын – Сәндібек Әділов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Азамат Нұрбауов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Нұржан Асаубаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Наурыз Аманқос, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.



СЛЕСАРЬ-ЖӨНДЕУШІ:

I орын – Нұрлыбек Естілеуов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Райымбек Шағыраев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Ерболат Оспанов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Айбек Ерғалиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР ОПЕРАТОРЫ:

I орын – Азамат Бисенов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Бахтияр Уахит, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Асылбек Күшекенов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Бақтыбек Сүлейменов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

МАМАНДАР АНЫҚТАЛДЫ



ЖЕР ҚАБАТЫ ҚЫСЫМЫН САҚТАУ ОПЕРАТОРЫ:

I орын – Руслан Абдрахманов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Ринат Алиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Ерлан Өткелбаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Рақымжан Дүйсенов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ.



ЭЛЕКТР ГАЗБЕН ДӘНЕКЕРЛЕУШІ:

I орын – Амандық Дүйсенғалиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Ержан Уламбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Ғибадат Каримов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Жұмабай Сейтімов, «Ембімұнайэнерго» басқармасы;
Берік Оңғарбаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
Марат Уркимбаев, ӨТКЖЖК басқармасы;



ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ ҰПАЙЛАР
бойынша командалық есепте
1 орынды «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ,
2 орынды «Доссормұнайгаз» МГӨБ,
3 орынды «Қайнармұнайгаз» МГӨБ
ұжымы иеленді.



ТЕМІР ЖОНУШЫ:

I орын – Нұрсейіт Қоңырбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Марат Қордашев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Аралбай Елешов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Аманжан Жолжанов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;



ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЭЛЕКТРОМОНТЕРІ (БРИГАДА):

I орын - Русалим Тлегенов, Жангелді Амангелді, Мақат АЭТ;
II орын – Талғат Абитов, Канат Төретаев, Прорва АЭТ;
III орын – Әлішер Далапқалиев, Абай Иманғалиев, Құлсары АЭТ;
Ынталандыру жүлдесі – Альберт Ғалымжанов, Бертілей Сағи, Жайық АЭТ;
Әлихан Абат, Ерлан Мералин, Электромонтаждау бөлімшесі;
Мейрамбек Нұрланов, Рахым Қанипа, Қайнар АЭТ;
Әсет Бақтығали, Жалғас Шманов, Доссор АЭТ;



КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІ:

I орын – Әлібек Жармағанбетов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Нұрияхмет Еркемов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Бердібек Бақтыгереев, «Ембімұнайэнерго» басқармасы;
Ынталандыру жүлдесі - Данияр Бисенбаев, ӨТКЖЖК басқармасы;
Арман Мусағалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
Рүстем Құрманбаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;



КОМПРЕССОРЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫҢ МАШИНИСІ:

I орын – Ғаділжан Құтқожин, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Дулат Нұртазин, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Нұрбол Атшыбаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СОРАПТАРДЫҢ МАШИНИСІ:

I орын – Асқар Қарымсақов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Данияр Омарғазиев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Жанәділ Жардемов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Айдос Бисенғалиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;



ЦЕМЕНТТЕУ АГРЕГАТЫНЫҢ МАШИНИСІ (МОТОРШЫСЫ):

I орын – Нұрболат Ташенов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
II орын – Берік Каримов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
III орын – Асқар Беркалиев «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру жүлдесі – Бөкенбай Әбілхасимов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ.





Сұрақ: Кез-келген мекемедегі кәсіподақ қызметінің негізгі мақсаты – қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын және олардың кәсіби мүдделерін қорғау екендігі анық. Бұл орайла «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымы жұмысшылардың мүддесін қолдай отырып, жұмыс берушімен тығыз байланысты жандандырудың нәтижесінде алдына қойған жоспарлы шараларды кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Сұхбатымызды сіз жетекшілік ететін ұйымның соңғы уақыттағы жаңалықтарына тоқталудан бастасак.



Жауап: Әр ұжымдағы кәсіподақ ұйымы рухани және материалдық жағынан салмақты орны бар ұйым екенін ембіліктер жақсы түсінеді. Оның айғағы – біздің компанияда еңбек ететін жұмысшылардың түгелге жуық



басқармалардағы кәсіподақ ұйымының жетекшілері жан-жақты түсіндіріп жүр деп ойлаймын.



Сұрақ: Қазіргі таңда көпшіліктің талқысында жүрген мәселенің бірі – жергілікті кәсіподақ құру туралы. Осы мәселені кеңірек айтып өтсеңіз.

Жауап:

Біздің Кәсіподақ ұйымы «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіподағының» филиалы болып жұмыс істеп келеді. Иә, соңғы кездерде жергілікті кәсіподақ ұйымын құру мәселесі кеңінен айтылып жүр. Дәлірек айтсам, бұл мәселе атқарушы комитетпен бірлесе бірнеше рет көтерілді, жиындардың хаттамаларына тіркелінді. 2024 жылдың қазан айында өткен «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының кезекті конференциясында жергілікті кәсіподақ ұйымын құру



Түйін: Жергілікті кәсіподақ – ортақ еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделермен байланысты бір ұйым қызметкерлерінің ерікті бірлестігі. Біз жергілікті кәсіподақ ұйымы болып құрылған соң, заңды тұлға ретінде кез-келген мекеме, кәсіпорындармен, ұйымдармен жеке тікелей байланысқа түсе аламыз. Өзімізге қатысты кез-келген мәселені тиісті органдармен көзбе-көз отырып шешуге мүмкіндік бар. Қаржы жағымызды да реттейміз. Қарапайым тілмен түсіндірсем, осы уақытқа дейін төлеп келген 10 пайыз бен енді төлейтін 5 пайыздың ара-жігін ажырату қиын болмас. Өзіміздің бюджетімізге түсетін қаражат ұжым мүшелерінің қажеттілігіне орай жұмсалады. Компанияға қарасты жеті бастауыш кәсіподақ ұйымының өздерінің банктерде есеп шоты мен құрылымы өзгеріссіз, сол күйінде сақталады. Ұйымның жетекшілерін анықтау заң талаптарына сай бұрынғыша сайланбалы болады. Демек,

Болат НСАНБАЕВ, «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының жетекшісі: ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ МОЛ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ



кәсіподақ ұйымының мүшесі болуы. Осы биіктен әркез табылу үшін «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты жеті бастауыш ұйым өзінің күнделікті жұмысында барлық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізе отырып, қарапайым қызметкерлер мен жұмыскерлердің жана-шыры болуды жіті назарда ұстап келеді.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, 2022-2026 жылға арналған Ұжымдық шарттың қолданыстағы нұсқасы кейін жұмысшылардың өтініштеріне орай біраз толықтырылды. Барлық басқармаларда еңбек ететін жұмысшылар тарапынан 32-ге жуық ұсыныс айтылып, жұмыс берушіге жолданды. Екіжақты кең талқылаудан кейін жұмысшылар тарапынан болған ұсыныстар түгелге жуық құжатқа енгізілді.



Сұрақ: 32 ұсыныс деген аз емес. Сол ұсыныстардың негізгілеріне тоқтала кетсек.

Жауап: Бүгінгі таңдағы қолданыстағы Ұжымдық шартқа қандай ұсыныстар енгізілді деген сауал көптің көкейінде жүргенін ескере отырып, қандай ұсыныс екеніне қысқаша тоқтайымын. Ұжымдық шарттың алғашқы нұсқасында айтылмаған, кейін енгізілгені:

- жұмыскерге еңбек шартының бұзылатыны туралы хабарлама еңбек шарты бұзылғанға дейін ұзақтығы 3 (үш) жұмыс күніне бос уақыт берілетін болады. Бұл ұсыныс еңбек шарты бұзылмас бұрын осы уақыт ішінде оның жаңа жұмысты іздеуге мүмкіндігі болуы үшін жасалған ұсыныс.

- мектепке дейінгі және (немесе) мектеп жасындағы төрт және одан да көп балалары бар жұмыскерлерге жазбаша өтініштің негізінде ұзақтығы кемінде күнтізбелік 2 күнге ақылы қосымша демалыс беріледі. Егер жұмыскер оны сол күнтізбелік кезеңнің ішінде пайдаланбаса, келесі күнтізбелік жылға ауыстырылмайды. Егер ата-анасының екеуі де Компанияда жұмыс істейтін болса,

осы қосымша ақылы еңбек демалысы ата-анасының біреуіне ғана беріледі;

- Қызметкер онкологиялық ауруға ұшырап қалған болса, оған ем алу кезінде үш айлық жалақысы 100 пайыз төленеді;

- Өндірісте болған апатты жағдайға орай жұмысшы қайтыс болса, оның отбасына 1 000 000 теңге төлем төленеді. Бұрын 300 000 теңге төленіп келген.

- Бала күтіміне орай жалақысыз демалыста отырған жұмысшыға ай сайын бала бір жарым жасқа толған мерзімге дейін жылға белгіленген жалақы көлемінің 30 АЕК мөлшерінде төленеді. Бұрын 20 АЕК көлемінде төленетін.

- Жұмысшыларға емделу, сауықтыру шарасы бойынша сәйкесті растаушы құжаттарды тапсырғаннан кейін, жылына 270 000 теңге көлемінде өтемақы төленеді. Бұрын бұл сома медициналық тексерудің қорытындысымен ғана берілетін.

Жақын туыстары (ата-анасы, баласы, асырап алушылары, асырап алынған балалары, жұбайы, ортақ әкесі немесе анасы, атасы, әжесі, бір ата-анасы және бір ата-анасы емес аға-інілері, апа-сіңлілері) қайтыс болған жағдайда ұзақтығы 5 жұмыс күніне демалыс беріледі. Бұл демалыс күндері жұмысшының өтінішіне орай оқиға болған күннен бастап күнтізбелік 45 күннің ішінде беріледі. Өтініш рәсімделген күннен бастап 7 күннің ішінде тиісті құжаттар тапсырылуы керек.

- Бұдан былай жұмысшыларға жылына 5 рет сыйақы төленеді. 1-мамыр мен Республика күні мейрамына орай тағы да екі сыйақы төленетін болып шешілді.

Кәсіподақ ұйымы жұмыс берушімен бірлесе отырып, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайының жақсара түсуіне бағытталған бірнеше жобаларды іске қосуды көздеп отыр. Оны алдағы уақытта (қолданысқа еніп жатқан мезетте) толығырақ баяндаймыз. Осындай игі шаралардың іске қосылғаны бар, алдағы кезеңде іске қосылары бар барлық



(Суреттер мұрағаттан алынған)

туралы мәселе қаралды. Конференцияға қатысушылар осы мәселеге өте мұқият қарап, қызу талқылаудан кейін «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы құрылсын деген қаулы алды.

Неге жергілікті кәсіподақ ұйымы?

Біз қазір салалық Кәсіподақтың Жарғысына сәйкес 10 пайыз жарна төлейміз. Жергілікті кәсіподаққа көшсек төлейтін жарна көлемі 5 пайызды құрайды. ЕМГ Кәсіподақ комитетінің көтеріп отырған мәселесі – өз алдымызға жергілікті ұйым болып, өз алдына заңды тұлға болсақ деген ұсыныс. ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңның 1-бабы 4) тармақшасына сай жергілікті кәсіподақ бір немесе бірнеше ұйымдардың қызметкерлерінің қатысуымен құрыла алады. Сонымен қатар, қазіргі кәсіподақ ұйымының төрағалары жергілікті кәсіподақтың құрылтайшылары болып табылады. Жергілікті кәсіподақ – қоғамдық бірлестік.

жергілікті кәсіподақ ұйымына көшу бүгінгі таңда бізге үлкен мүмкіндіктер ашады.

Сұрақ: Алла тұрған тағы бір маңызды мәселе – жаңа Ұжымдық шарттың нұсқасын дайындау тұр...

Жауап: Бүгінгі қолданыстағы Ұжымдық шарттың уақыты

2026 жылы аяқталады. Біздің алдымызда тұрған ауқымды жұмыс жаңа Ұжымдық шарттың талаптарына енетін мәселелерге орай ұсыныс, пікірлерді жинақтауымыз керек. Барлық ұжыммен кездесіп, жұмысшылардың айтарына құлақ түреміз. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатысты жеңілдіктерді сақтай отырып, оларды толықтыру да көкейімізде. Әрине, бұл жұмыстар – жұмыс берушімен бірлесе отырып, көп болып ақылдаса шешетін мәселе.

– Сұхбатыңызға рахмет.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ



ТҰРҒЫНДАРҒА 16 ЖОБА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Жылыой ауданының Қосшағыл елді мекенінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұйымдастыруымен кезекті қоғамдық тыңдау өтті. Шараны өткізудегі мақсат – компаниямызға қарасты «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұңғыманы қазу, кен орнын жайластыру жұмыстарына экологиялық келісім алу. Осы мақсатта қосшағылдықтардың қатысуымен өткен қоғамдық тыңдаудың күн тәртібіне 16 жоба ұсынылды. Нақтыласақ, «С.Нұржанов кен орнындағы жанармай құю стансасына автожол салу», «Прорва МДӨЦ өрт сөндіру жүйесін реконструкциялау», «Қарсақ кен орындарына 100 орындық асхана салу», С.Нұржанов, Досмұхамбетов, Ақтөбе, Батыс Прорва кен орнында ұңғымаларды көлденең қазу бойынша, Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша жобалар тыңдалды. Аталған жобалардың барлығы да 2025 жылы аяқталып, іске қосылады деп жоспарлануда.

Қоғамдық тыңдау кезінде ауыл тұрғындары бұл жобалардың құрылыс жұмыстарында қоршаған ортаға тигізер әсері туралы сауалдарын ортаға салды. Қосшағылдықтарды алаңдатқан экологиялық мәселелерге ембілік мамандар тұшымды жауаптарын берді.

Экология талаптарын сақтау, қоршаған ортаға зиянды әсерлердің барынша аз болуын жіті бақылауда ұстау – компанияның басымдық беретін бағыттарының бірі. Бұл орайда Ембі өндіріс алаңдарында қолға алынып жатқан барлық іс-шаралардың басталауы мен қорытындылануында қоршаған ортаны сақтау шаралары бойынша арнайы жоспар құрып, құжаттың орындалуына баса мән беріп отыр.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кен алаңдарында қолға алынғалы жатқан 16 жобаның жүру барысында технологиялық шешімдер қатаң бақыланады. Құрылыс жұмыстары кезінде герметизациялық бақылауды орнату, тоқсан сайын бақылау жұмыстарының есебін алу, жұмыс барысында шаң болдырмау мақсатында су бүрку жұмыстарын тұрақты жүргізу, құрылыс жұмыстарынан қалған қалдықтарды дер кезінде тиісті орындарға шығару, залалсыздандырылмайтын қалдықтарды арнайы контейнерлерде сақтап, оны тиісті орындарға уақытылы тапсыру, химиялық реагенттерді су көздерінен алшақ ұстау, жанар-жағар майдың топырақ жамылғысына төгілмеуі сияқты

сақтандыру шараларын жіті назарда ұсталатынын мамандар жергілікті тұрғындарға жан-жақты түсіндірді.

Қосшағылдықтар тарапынан болған сауалдардың тағы бір басым бөлігі елді мекенді көгалдандыру шаралары турасында болды. Айта кету керек, «Ембімұнайгаз» АҚ көгалдандыру шараларына жыл сайын қомақты қаражат аударып келеді. Көшет отырғызу, оны күту, керекті жабдықтармен қамту жүйелі түрде орындалуда. Ал, көгалдандыру аумағын, яғни, көшеттерді отырғызуға арналған жер телімін жергілікті атқарушы орган бекітеді. Жергілікті әкімшілік ұсынған жерге ғана көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге құқылы. Алайда, компанияға қарасты мұнай-газ өндіру басқармалары орналасқан төрт ауданның тұрғындары көтерген мәселе, көгалдандыру шараларын дәл осы аудан аумағында жүргізу жөйіне ембіліктер бей-жай қарамады. Сан мәрте бұл мәселені тиісті органдар алдында көтеріп, дәлелдеді де. Нәтижесі де болды. Биыл Қызылқоға, Мақат, Жылыой, Исатай аудандарының әрқайсысына 20 га жер бөлініп, Компания жалпы 80 га жер аумағына көгалдандыру жұмыстарын бастап та кетті.

Жылыой ауданының Қосшағыл елді мекенінде өткен қоғамдық тыңдаудың екінші бөлігі сұрақ-жауап форматына ұласып, жиын барысында болған барлық сауалдарға тұшымды жауаптар ұсынылды. **ET**

ЕҢБЕК АДАМЫ

«ЖҰМЫСЫҢДЫ ЖАҚСЫ КӨРСЕҢ, НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕСІҢ»



Жұмагүл Ихласова – «Доссормұнайгаз» МГӨБ Қошқар кен орнында тұзсыздандыру, сусыздандыру қондырғысының операторы болып еңбек етіп, мұнай селін тасқындатуға үлес қосып жүрген еңбек адамының бірі.

Өндірістегі қайнаған жұмыстың ортасынан табылып, ерлермен иық тірестіре қызмет атқарып жүрген Жұмагүл Бердешқызы – қара алтын өндіру саласында мол тәжірибесі бар маман. Еңбек жолы байырғы кеніш Байшо-

наста ұңғымалар шығынын өлшеуші ретінде басталып, мұнай-газ өндіру операторы лауазымында жалғасты.

«Қазіргі уақытта тұзсыздандыру, сусыздандыру қондырғысының операторы болып еңбек етіп келемін. Құйылып тұрған май өлшемдерін алып, екі сағат сайын инженерлік технологиялық қызметке есеп жіберіп отырамыз. Қазанды өлшеп, сынама аламыз» дейді ол жұмыс барысын қысқаша таныстырып.

«Басты ұстанымымыз – қауіпсіз еңбек ету, талаптарды қатаң сақтау. Бекітілген негізгі 9 қағиданы сақтай отырып, жұмыс жасаймыз. Күнделікті медициналық тексеруден өту де – маңызды міндеттердің бірі. Еңбек өтілім 44 жылды құрайды. Осы жылдар ішінде мұнайшы деген мәртебелі мамандықты менгеріп, соның нәтижесінде кәсібіме адалдық танытып, бірлігі жарасқан ұжымда табысты еңбек етіп келе жатқанымды, қарт Ембіде қолтанбамды қалдыру бақытына ие болғанымды мақтан тұтамын» дейді ол.

Әріптесіміз бірнеше рет түрлі деңгейдегі марапаттарды иеленіп, мерейтойлық медальдармен марапатталғаны да осы еңбегінің өтеуі деп білетінін айтады. Кен орындарында тынбай тер төгіп жүрген еңбек адамдары – Компанияның басты байлығы.

«ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒУ – БІР БАҚЫТ»

Ембі өндірісіндегі еңбек жолын химиялық талдау лаборанты болып бастап, әртүрлі лауазымдарда табысты еңбек еткен, өзіндік қолтаңбасын қалдырған әріптестеріміздің бірі – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметкері Болған Тоқпақова.



Қауіпсіз еңбек жүйесін қалыптастыру, бекітілген талаптардың сақталуын қатаң қадағалау – негізгі ұстанымдардың бірі. Осы бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру, жүзеге асыру – еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласы мамандарына жүктелетін жауапты талаптар. Әр қызметкердің аман-есен үйіне оралуы, қауіпсіз еңбек етуі үшін тиісті жұмыстарды уақытылы ұйымдастыру – зор жауапкершілікті, қырағылықты қажет етеді. Бөлім басшысының орынбасары ретінде жұмысын тиянақты да табысты атқару арқылы әріптестерінің ортасында үлкен құрметке бөленген Болған Тоқпақова таяуда құрметті еңбек демалысына шықты.

«Құлсарымұнай» басқармасында ұңғымаларды зерттеу операторы, орталық-инженерлік технологиялық қызметінің ауысым инженері, мұнай-газ өндіру операторы, сапа қызметінің маманы, Прорвадағы қоршаған орта және қауіпсіздік техникасы инженері, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қызметінің маманы, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің аға инженері болып қызмет еткен жылдарда өзін кәсіби маман ретінде әрдайым көрсете білді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-дағы 40 жылдан астам еңбек жолын Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімі басшысының орынбасары лауазымымен аяқтап отырған Болған Иманғалиқызы – аса жауапты салада табысты еңбек еткен жанның бірі. Ұзақ жылғы еңбегінің зейнетін көретін айтулы белеске жеткен оны осынау датамен Қоғам атынан құттықтаған сала өкілдері әріптесімізге табысты қызметі үшін алғыс айтып, естелік сыйлықтар табыс етті. **ET**



МАСТЕР-КЛАСС



ТИІМДІ КОММУНИКАЦИЯ МЕН ЖАҒЫМДЫ ИМИДЖ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да өткен мастер-класста сыртқы ортамен сапалы қарым-қатынас орнатудың жолдары кеңінен талқыланды.

Ұжымды табысты басқарудың бір тетігі тиімді коммуникацияны дамытумен байланысты. Бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен ашық диалог құра білу – кәсіпорын үшін жәй ғана таңдау емес, даму стратегиясының бір бөлігі, өмірлік қажеттілік. «Ембімұнайгаз» АҚ ашық компания ретінде өз қызметіне қызығушылық танытқан топтармен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауға үлкен мән береді.

Кәсіпорынның сыртқы коммуникациясы тиімді, әрі жүйелі болуы Компания басшыларына арнап «Дағдарыс жағдайында бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен тиімді коммуникация орнату» тақырыбында мастер-класс ұйымдастырылды.



Мастер-класс бағдарламасында қатысушылар компанияның жағымды имиджін қалыптастыруда тиімді коммуникация орнатудың рөлін бағалаумен, сонымен қатар, журналистермен, блогерлер, қоғам белсенділерімен тиімді қарым-қатынас орнатудың дағдыларымен танысты.

Осы салада көп жылдық тәжірибелері бар модераторлар қатысушыларға арнап табысты әрі жағымсыз қарым-қатынас орнатудың үлгілеріне талдау жасап, ақпараттық ынтымақтастық орнатудың бағыттарына тоқталды. Шарада БАҚ пен жұртшылыққа ақпарат таратудың тиімді әдістері талданды.

TEAMBUILDING

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері үшін ұжымдық рухты нығайту мақсатында жұмысшы мамандықтары жылы аясында «Асыл жүздік» атты тимбилдинг ұйымдастырылды. Оған 100 адам қатысты. Олардың дені – Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің мамандары.

Ауқымды шараға қатысушылар алдында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет өз сөзінде «кәсібилік» деген ұғым тек мамандыққа ғана қатысты емес, сонымен қатар жоғары нәтижеге қол жеткізуде командамен жұмыс істей білу де маңызды екенін атап өтті.

Шараның бірінші бөлімінде интерактивті форматтағы EMBA

ЖҮЗ ЖҮРЕК – БІР МАҚСАТ



QUIZ өтіп, қатысушылар өздерінің туған жерге, компанияға қатысты білімдерін көрсетті және EMBA TOWER командалық ойыны ұйымдастырылды.

EMBA TALKS айдарында Парижде өткен Параолимпиада ойындарының күміс жүлдегері, дзюдошы Ерғали Шамей спикер болды.

Спортшының өмірінде болған оқиға - көру қабілетінен толық айырылу – өмірдің қиын кезеңі емес, керісінше жақын жандардың қолдауымен ұзақ жеңісті жолдың бастауы, мотивация мен табандылықтың үлгісі болды.

Тимбилдингтің екінші кезеңі жан-жақты әрі ауқымды болуымен қыза түсті. Командалық ойындар мен спорттық сайыстар – қатысушылардың еркін ашылып, өздерін үлкен және тату команданың бір мүшесі ретінде сезінуге мүмкіндік берді.

Қатысушылар атап өткендей, компанияда жүйелі өткізілетін мұндай тақырыптық және спорттық іс-шаралар бір-бірін жақынырақ тануына септігін тигізумен қатар, ұжымдағы ішкі байланысты нығайтуға үлес қосады. «Жүз жүрек – бір мақсат» ұранымен әріптестермен бірге өткізген бір күн ұжымдағы бірлескен жұмысқа және бір-біріне қолдау көрсетуге күшті мотивациялық ынталандыру болды.



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күйі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Кулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.